

**«Тәуелсіздік күн» мерекесіне орай өткізілген тақырыптық ұйымдастырылған
оқу іс әрекетінің хаттамасы**

23.12. 2023ж

Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

Күн тәртібінде:

- 1.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Асыл елім»
Өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А
- 2.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елбасы ел ертеңі»
Өткізген № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира
- 3.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елімнің еркіндігі
Тәуелсіздік» Өткізген № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт

Тыңдалды :

1. Шағын орталық директоры Мусаева Сабира өз сөзінде «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай өткізілген тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барлық жас ерекшелігінде өткізілді. Тоқтала кететін болсам № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Асыл елім». № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елбасы ел ертеңі». № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік » ұйымдастырылған оқу әрекетер өткізілді. Енді осы өткізілген тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекетті өз ой пікірлеріңізді ортаға салу ұсынылды.

1.1. № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова өз сөзінде тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Асыл елім» ұйымдастырылған оқу іс әрекеті мақсатыма жете білдім. Балалар ұйымдастырылған оқу іс әрекетке жақсы деңгейде қатысты. Балалар отан жер туралы тақпақтарды айта білді. Туған жерін аялап құрметтеуге бағалай білуге үйретілді. Ән ұран, ту, елтаңба туралы түсінік берілді. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

1.2. № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт өз сөзінде №1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова Тәуелсіздік күні мерекесіне байланысты ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деңгейде өтті. Топтың безендіруі жақсы деңгейде өтті. Балалардың киімдері тақырыпқа сай киіндірілген. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Қазақстан республикасының ән ұранымен басталды. Тәрбиеші тақырыпқа сай бала жасына сай көрнекі құралдар дайындалған. Балалармен тақырыпқа сай ойындар ойнатылды балалар қызыға орындады. Тәрбиешіге ұсыныс балаларға жеке жұмыс орындау керек сөздерді жеке айтуға үйрету керек және ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кіріктірілген түрде өткізілуі керек. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

2. Екінші мәселе № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазираның өз сөзінде тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің тақырыбы: «Елбасы ел тірегі » ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің мақсатына жеттім. Себебі балалар берілген тапсырмаларды өте жақсы деңгейде орындап және жауап берді. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті дидактикалық ойынды өте жақсы ойнай білді. Балалар ән ұранды ту елтаңба туралы тақпақтарды айта білді. Сонымен бірге мақал мәтелдер айтты. Өз сөзімді қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деп бағалаймын.

2.1. № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт өз сөзінде № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржанның тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті «Елбасы ел тірегі» тақырыбында жақсы деңгейде өтті. Тәрбиешінің сөздік қоры байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Тақырыпқа байланысты көрнекі құралдар жақсы деңгейде алынған. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті ән ұранмен басталды тәрбиеші Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстырды. Елі жері байтақ байлықтары мол екенін айтып өтті. Балалар ойынды қызыға ойнады. Өз сөзімді қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деп бағалаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт «Еліміздің еркіндігі Тәуелсіздік» өз сөзінде ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деңгейде өтті. Тоқтала кететін болсам. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тәуелсіздікке байланысты тақпақтар ән алынды. Балалар Қазақстан Республикасы туралы суреттерді көрсете отырып балаларды қызықтыра білдім. Балаларға ойындар ойната отырып тәуелсіздік туралы мәліметтерді бере білдім. Балалар өз ойындайта білді. Шығармашылық білім саласы бойынша балалар жапсыру ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде ту жапсырды. Өз мақсатыма жете білді.

3.1. № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова өз сөзінде № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт «Еліміздің еркіндігі Тәуелсіздік» өз сөзінде ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деңгейде өтті. Тоқтала кететін болсам ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Қазақстан республикасының ән ұранымен басталды. Тәрбиеші тақырыпқа сай бала жасына сай көрнекі құралдар дайындалған. Балалармен тақырыпқа сай ойындар ойнатылды балалар қызыға орындады. Тәрбиешіге ұсыныс балаларға жеке жұмыс орындау керек сөздерді жеке айтуға үйрету

керек және ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кіріктірілген түрде өткізілуі керек. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

Шешімі:

«Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай өткізілген тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті «жақсы» деп бағалынсын

Шағын орталық директоры :
Хатшы:

М.А.Т.
М.А.Т.

С.Р. Мусаева
Т.Е.Махашева

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекменшік
шағын орталығының
әдіскері Май А.Е.Махашева

Ұйымдастырылған іс-әрект
«Асыл елім»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының
тәрбиеші: Мендыгулова А.А

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің елім»

Максаты: 16 желтоқсан тәуелсіздік күні екені туралы түсінік беру.

Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.

Бүлдіршіндердің Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар. Біздің тобымыздың «Менің елім» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

-Бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз.

Бәрімізге мейрам құтты болсын!!!

Тәуелсіздігіміз баянды болсын дей отырып, кішкентай бүлдіршіндеріміз ертеңгілікті ән ұранмен ашады.

Әнұран айтылады.

Жүргізуші: Тәуелсіздік түскен жоқ қой аспаннан.

Тарихы оның тым әріден басталған

Ождандықтан құтқарам деп елімді.

Талай боздақ қара жерді жастанған.

Ендеше балалар тәуелсіздік жолында жанын аямай күрескен

батырларымызды 1 – минуттық үнсіздік жариялайық.

Еске алу минуты

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Әрине балалар біздің еліміз Тәуелсіз ел!

Енді балалардың тәуелсіздік мейрамына жаттаған тақпақтарын тыңдайық.

(балалар тақпақтарын айтады)

Дамир: Менің елім Қазақстан

Бар ғой онда бәрі де:

Өзен де бар, көл де бар,

Әділ

Орман да бар, тау да бар,

Жайнаған сансыз қаласы бар,

Жайқалған жомарт даласы бар.

Айлин

Байтақ дала – туған жердің

Қымбат маған әр тасы.

Өзен, көлі, самал жел.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар.

Көгінде күн нұрын төккен

Жерінде гүл жұпар сепкен,

Неткен сұлу, неткен көркем

Осы менің туған өлкем!

Жүргізуші: Бүгін міне Тәуелсіздік мерекесі күні. Қазақстан деген ел бар, ал сол елдің президенті кім?

Балалар: Қасымжомарт Тоқаев Кемелұлы

Жүргізуші: Ал тұңғыш президентіміздің есімі кім ?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Нұрсұлтан.

Жүргізуші: Нұрсұлтан қандай қала?

Балалар: Бас қала, әдемі, үлкен қала.

Жүргізуші: Ал балалар біздің елімізде қандай әдемі қалалар бар? кім айтады?

Балалардың жауаптары: Алматы, Атырау, Актау, Өскемен, Семей

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар. Отан туралы тақпақтарымызды ортаға шығып айтып берейік.

Медина: Жарық біздің күніміз,

Біз өмірдің гүліміз,

Қазақстан – жан Отан

Қазақ тілі – тіліміз!

Елнұр: Бақыт құсы қонды ғой,

Менің туған еліме.

Тіліміз бен дініміз

Қайта келді еліме.

Жүргізуші: Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай – көк.

Жүргізуші: Иә, өте жақсы.

Желтоқсан - ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Жүргізуші: 16 - желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Мерекеде ел қуанып

Шаттанып ән салған күн

Ендеше келесі кезекті тамаша әнге берейік


Ән: «Тәуелсіз ел ұраны»

Батыр: Ал, балалар жарайсындар бүгінгі мерекеде атсалысып, жақсы өнер көрсеттіңдер. Менің сендерге әкелген аз ғана бұйымтайымды қабыл ала ғойындар! (Балаларға кәміп таратылады)

Менің кететін уақытым келді . Мен өздеріңмен қоштасамын. Келесі кездескенше қош сау болындар балалар!

Балалар: Сау болыңыз!

Жүргізуші: Ал құрметті қонақтар осындай әдемі тілектермен, әндерімізбен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сіздерге тағыда мейрамдарыңыз құтты болсын. Аспанымыз ашық болып, Қазақстанымыз гүлдене берсін!

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының әдіскер
 Махашева А.Е

Тәуелсіздік мерекесіне ұйымдастырылған тақырыптық оқу іс- әрекет

Тақырыбы: « Елбасы –ел тірегі»

Тәрбиеші: Тамашова Жазира
№2 «Балбөбек» ортаңғы тобы

2023-2024оқу жылы

Тақырыбы: « Елбасы –ел тірегі»

Максаты: Жас ұрпаққа президентіміздің сан қырлы талант иесі, күдіретті тұлға екенің таныту. Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. Шаттық шеңбер:

*Армысың алтын күн !
Армысың көк аспан !
Армысың жан досым,
Жылуы ма, жылу қос.
Біз кішкентай баламыз,
Қазақстанда тұрамыз.
Отанды біз сүйеміз,
Мақтаныш оны қыламыз.*

Тәрбиеші: жарайсындар балалар орнымызға жайғасып отырамыз.

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, біздің сабағымызға қонақтар келіп отыр. Кәне балалар, қонақтармен амандасайық.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Балалар бізге көптеген қонақ апайлар келіпті, орнымыздан тұрып, келген қонақ апайлармен сәлемдесіп алайық.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілінен кейін қай мезгіл келетінін білесіңдер ме?

- Қыс мезгілі келеді екен.

Қыс мезгілінің ең алғашқы күні бізде үлкен мереке болады. Ол мереке біздің Елбасымыздың құрметіне арналады.

Балалар: Сәлематсыздар ма!

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Балалар бүгінгі біз оқу қызметімізде Еліміздің Тұңғыш президенті жайында айтамыз.

- 1 желтоқсан күнін Президент күні деп атайды. Сендер елбасымызды білесіңдер ме?

- Ал, балалар, Тақтаға қараңдаршы мына суретте кім бейнеленген?

- Балалар, бұл кім?

- Балалар, сендер қандай елде тұрасындар?

- Әр елдің өз басшысы болады. Біздің де Елбасымыз бар. Оның есімі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамыз. Елбасымыз Астана қаласында тұрады. Мынау – Астана қаласы. Ал мынау балалар, елбасымыздың жұмыс жасайтын орны – Ақорда.

Балалар: Нұрсұлтан Назарбаев, Қасым Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Дұрыс Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?

Балалар: Ол біздің президентіміз

Тәрбиеші: Балалар 2012 жылы «1 желтоқсан күні Тұңғыш президент күні» болып енгізілді. Әр жылда біздер Президент күнін атап өтеміз. Біздің еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды. Қазіргі уақытта 2019 жылы 20 наурыз айында сайланды. Балалар біздің елбасымызға арнаған тақпақтарыңызды айтып береді

Жанерке:

Ел басымыз жолдайды

Халық оны қолдайды

Ешқашанда орынсыз

Шешімдері болмайды

Омар:

Тәуелсіздік елге сыйлады

Бейбітшілікті қолдайды

Орындалып арманы

Халқымызда ажарлы

Осының бәрі әрине Елбасының арқасы

Айзада:

Ел басы елді қорғайды

Халық қамын ойлайды

Осындай жақсы адамның

Жақсылығы тарайды.

Саяхат:

Бағдарлап елдің ертеңін

Тыныштық тауып жатпаған

Болашақ үшін тер төгіп

Үмітін елдің ақтаған

Құдайберген:

Ел басы болды да қазағымның

Еңкейтпеді жалауын әр елімнің.

Тәрбиеші: Н.Ә. Назарбаев 1940 жылы 6-шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. Атасының есімі- Назарбай, әкесінің есімі-Әбіш, Нұрсұлтан есімді әжесі Мырзабала беріпті. Алланың 99 аты бар екен. Соның бірі-Нұр тағы бірі-Сұлтан. Анасының есімі-Әлжан екен. Нұрсұлтан 5 жасқа толғанда Жамбыл атаның ақ батасын алған екен. Ол Қаскелең қаласындағы Абай орта мектебіні бітірген. Мектепте озат, үлгілі оқушы болыпты. Еңбек жолын Теміртау қаласында темір балқытушы болып бастаған. 1976 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары

техникалық оқу орнын, 1976 жылы партия мектебін бітірген 1991 жылы 1 желтоқсанда біздің Отанымыздың Тұңғыш Президенті болып сайланды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылы 15 маусымнан бастап заңды түрде «Елбасы» мәртебесіне ие болды. Ол осы жетістігіне өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында жетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы 1953 жылы Алматы Қаласында туылған. Әкесі – Кемел Тоқаев, Анасы – Тұрар Шабарбаева.

Тәрбиеші: Балалар сендердің аналарың, әкелерің сияқты жұмыс істегендей Елбасымызда жұмысы біздің елімізді басқарады. Біздің президентің жұмыс орны қайда кім біледі балалар айтыңдаршы?

Балалар: Астанада

Тәрбиеші: Дұрыс! Астанада Ақордада балалар Астанада тағыда не бар?

Балалар: Астанада Бәйтерек бар!

Тәрбиеші: Дұрыс Бәйтерек бар, ол біздің елдің символы. Ал, балалар сендер біздің елдің рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: олар: ту, әнұран және елтаңба.

Тәрбиеші: Ал бұл суреттер нені білдіреді, білесіңдер ме? Балалар біздің туымыздың түсі қандай?

Балалар: Көк

Егеменді ел болып, тәуелсіздіктің көк байрағын көтерген сәт – Қазақстанның әр азаматы үшін қуаныш, тарихтың үлкен бетбұрысы болғаны анық. Осының бәрі – еліміздің тұңғыш президенті – Н. Ә. Назарбаевтың арқасында.

Тәрбиеші: Балалардың әнін тыңдайық

Ән: «Әнұран»

Тәрбиеші: Балалар елбасымызға арнап тақпағымызды айтайықшы.

Айзере:

- Елбасымыз Нұр аға
- Салғызып Алтын орда
- Көркейтіп елін қазақтың
- Көрсетпей өмір азабын.

Муса:

- Қазақ елі – Қазақстан
- Болашаққа үн қосқан
- Жақсы күнге жетелеп
- Елбасым менің – Нұрсұлтан

Аліби:

- Жасай бер Қазағым!
- Жасай бер Елбасым!

техникалық оқу орнын, 1976 жылы партия мектебін бітірген 1991 жылы 1 желтоқсанда біздің Отанымыздың Тұңғыш Президенті болып сайланды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылы 15 маусымнан бастап заңды түрде «Елбасы» мәртебесіне ие болды. Ол осы жетістігіне өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында жетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы 1953 жылы Алматы Қаласында туылған. Әкесі – Кемел Тоқаев, Анасы – Тұрар Шабарбаева.

Тәрбиеші: Балалар сендердің аналарың, әкелерің сияқты жұмыс істегендей Елбасымызда жұмысы біздің елімізді басқарады. Біздің президентің жұмыс орны қайда кім біледі балалар айтыңдаршы?

Балалар: Астанада

Тәрбиеші: Дұрыс! Астанада Ақордада балалар Астанада тағыда не бар?

Балалар: Астанада Бәйтерек бар!

Тәрбиеші: Дұрыс Бәйтерек бар, ол біздің елдің символы. Ал, балалар сендер біздің елдің рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: олар: тү, әнұран және елтаңба.

Тәрбиеші: Ал бұл суреттер нені білдіреді, білесіңдер ме? Балалар біздің туымыздың түсі қандай?

Балалар: Көк

Егеменді ел болып, тәуелсіздіктің көк байрағын көтерген сәт – Қазақстанның әр азаматы үшін қуаныш, тарихтың үлкен бетбұрысы болғаны анық. Осының бәрі – еліміздің тұңғыш президенті – Н. Ә. Назарбаевтың арқасында.

Тәрбиеші: Балалардың әнін тыңдайық

Ән: «Әнұран»

Тәрбиеші: Балалар елбасымызға арнап тақпағымызды айтайықшы.

Айзере:

- Елбасымыз Нұр аға
- Салғызып Алтын орда
- Көркейтіп елін қазақтың
- Көрсетпей өмір азабын.

Муса:

- Қазақ елі – Қазақстан
- Болашаққа үн қосқан
- Жақсы күнге жетелеп
- Елбасым менің – Нұрсұлтан

Аліби:

- Жасай бер Қазағым!
- Жасай бер Елбасым!

Ердәулет:

- Елімнің елбасымыз
- Нұрсұлтан атамыз аман болсын!

Тәрбиеші: Отан туралы тақпақ, мақал - мәтелдер білеміз бе?

Д. Айзере:

- Қуат алған өзінен
- Туған елдің ұлымын
- Бақытты етіп өсірген
- Отанымның гүлімін.

Данель:

- Отан – оттан да ыстық

Ержан:

- Отан - елдің анасы

С. Айым:

- Отан – қуат
- Отбасы – шуақ

Айару:

- Отансыз адам,
- Ормансыз бұлбұл.

Тәрбиеші: Балалар, әр елдің өз рәміздері, өз ана тілдері болады.

- Балалар, біз қай тілде сөйлейміз?
- Еліміздің рәміздерін мына көгілдір экран арқылы қарап білейік.
- Балалар бұл біздің мемлекеттік – Әнұранымыз. Ал, мынау – Елтаңба.

Елтаңбаның ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ еліміздің біртұтастығын бейнелейді. Екі жағында қанатты тұлпар мәңгілік өмір, самғау биігі. Шекесінде 5 жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағы.

- «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіреді. Балалар туымыздың түсі – көк. Көк түс – адалдық пен тазалықтың, бейбітшіліктің белгісі. Тудың ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз, оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы – күндей жарқын болсын, дала бүркіті – дархандық пен қырағылықты бейнелеген.

Оюдың бейнеленуі – қазақ екенімізді білдіреді.

Түстерінің сары болуы – молшылықтың белгісі екен.

Тәрбиеші: Ол аспанымыз ашық болсын дегенді білдіреді. Күннің бейнесін қараңдаршы-күннің сәулелері біздің еліміздегі ұлттар саны. Біздің елімізде жүз отыз ұлт бар екен. Осы күн-100 ді білдіреді ал сәулелер отыз екен.

Тәрбиеші: Балалар, дидактикалық ойын ойнайық. Ойын: «не жетіспейді?»

Ойын шарты: Балалар мынау не?

Тудың ортасында не жетіспей тұрғанын тауып көріп жабыстырайық.

Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа, жылдамдыққа үйрету.

- Балалар, біз нені жабыстырдық?

- Күннің түсі қандай?

- Күннің пішіні қандай?

- Тудың түсі қандай?

Балалар: Күнді

Балалар: Сары

-Балалар: Домалақ

Балалар: Көк

Шаршадыңдар ма балалар!

Тәрбиеші: Кәне келіңдер

Сергіту сәті:

Біз бақытты баламыз

Шырқап әнге саламыз

Туыспыз біз бәріміз

Бір отанды сүйеміз.

-Тәрбиеші: Балалар, рәміздер туралы кім тақпақтар біледі?

Алинұр:

- Көк аспандай көкпеңбек

- Қазақстан жалауы

- Көк емес ол тектен - тек

- Елдің ашық қабағы.

Аяулым:

- Елтаңбасы елімнің

- Неткен әйбат әдемі

- Тұнығындай көңілдің

- Ортада аспан әлемі.

А.Раяна:

- Құт береке – шаңырақ

- Орын алған – ол төрден

- Қанатты қос арғымақ

- Екі жақтан көмкерген.

Рақымжан:

- Тәуелсіздік жолында

- Талай - талай тер тамған

- Билігім өз қолымда
- Еркіндігім – елтаңбам.

Бауыржан:

- Көк аспанда Нұрлы Күлімдейді далама
- Бақыт тілеп тұр бүгін
- Ол барлық пәк балаға.

Тәрбиеші: Балалар, кәне барлығымыз орнымыздан тұрып ән айтайықшы

Ән: «Көк тудың желбірегені»

Қорытынды:

Балалар, қандай оқу қызметі болды?

- Елбасымыз кім?
- Елбасымыздың жұмыс жасайтын орны қалай аталады?
- Біз қай елде тұрамыз?
- Біз бүгін не жабыстырдық?

балалар біз бүгін сабақта кім туралы айттық?

Балалар:Қасым Жомарт Тоқаев туралы

Тәрбиеші:Ол кім?

Балалар: Ол біздің елдің президенті

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Әрқашан еліміз тыныш, елбасшымыз аман, көк туымыз мәңгі желбірей берсін!

Келген қонақтарға сау болыңыздар дейік.

Осымен оқу қызметіміз аяқталды. Орнымыздан тұрып,келген қонақтарды шығарып саламыз.

Тақырыбы «Елбасы – ел тірегі»
Өткізген №2 «Балбөбек» ортаңғы тобының
Тәрбиешісі: Тамашева Жазира



«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Маж Махашева А.Е.

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет

«Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік»

Өткізген №3 Ботақан тобының тәрбиешісі Әбішаева Ү

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»

Мақсаты: Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау: жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар! Біздің «Елімнің еркіндігі Қазақстан» атты ашық тәрбие сабағымызға келген қадамдарыңыз сәтті болсын! Сіздердің жақсы көңіл-күйде болып, дем алып қайтуларыңызға біздің балалар зор сенімде. Сіздердің алдарыңызда «Балапан» тобының бүлдіршіндері.

Балалар безендірілген топқа «Көк тудың желбірегін» өлеңімен шығады.

Жүргізуші: бүгін еліміздің сан мыңдаған жылдар бойы армандаған, сол жылда дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған ертеңгілігімізді назарларыңызға ұсынамыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,
Білу керек бала – дағы ең
кіші.

Рәміздерім- ӘНҰРАН, ТУ, ЕЛТАҢБА,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі-демекші балалардың орындауында
Қазақстан Республикасының Әнұраны.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз Қазақстан ?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы Астана.

Жүргізуші: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Жүргізуші:

- Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков. Ол қыршын жасын киды.

Ізгілікке леп едім
Жақсылыққа сеп едім
Тәуелсіз елдің ертеңін

Осылай көрсем деп едім - деп осындай отаншыл бүлдіршіндеріміздің мерекелік өлең шумақтарын қабыл алсаңыздар!

1 Амина:

Тәуелсіздік таңын сүйем,
Таңмен бірге келді өлең.
Көк туыңа басымды ием,
Көгімізде желбіреген.

2. Абдумалик:

Аласармас аспанымда,
Күн мен гүлдеп ел өседі.
Қазақстан аспанында,
Бостандықтың желі еседі.

3.Бақдаулет :

Маған қымбат ұлы елімнің,
Шешек атқан әр гүлі.
Аялайды бәрімізді,
Азаттықтың таң нұры.

4. Азима :

Сарарқаның даласында
Күн шуағын төккен күн.
Елім менің,жерім менің
Баққа қолы жеткен күн.

5.Алинұр:

Тәуелсіздік ұлы күнім,
Тұрсын жайнап төбемде.
Сен,жасай бер мәңгі бақи,
Қуанышқа бөленде.

6. София:

Тәуелсіздік- бақ туын,
Қолға ұстаған сәт бүгін
Болсын әр дайым шат күнім!

7. Айзере:

Балабақша серпін нық,
Көкке атады бөркін жұрт.

Тәуелсіздік- ынтымақ

Тәуелсіздік- еркіндік.

8. Айнамкөз:

Желтоқсанның ызғары –ай
Кірпікке қатқан мұздар-ай
«Елімай» деп егілген,
Қаһарман ұлдар, қыздар-ай.

9. Қасым:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн.
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн.

10. Нұрайым:

Он алтыншы желтоқсан,
Ел мейірі тасыған.
Қазақ деген қалың жұрт,
Бәрін кешті басынан.

11. Медина :

Естісін ел үніңді
Дүние түгел естісін.
Тәуелсіздік туынды
Биік көтер, жас ұлан!

Жүргізуші: ал балалар тапқатарымызды айттық енді осы тәуелсіздігімізге байланысты бір шығармашылық тапсырма орындасақ. Балалар біз осы тұрып жатқан Еліміздің Мемлекетіміздің Отанымыз Қазақстанның Туын желім арқылы жабыстырып шығамыз.

Шығармашылық- Қазақстан Республикасының Туын жабыстыру

Аспан ашық, елі тыныш Тәуелсіз Қазақстан жасай берсін!

Ақ шашты аналар,әзиз әкелер аман болсын!

Әр қашан сәбилердің күлкісі үзілмесін!

Жүргізуші: Бүгін, міне, Егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық. Жүзіміз жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз. Егеменді елдің болашағы – сендерсіңдер! Сендерге зор денсаулық, көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір тандарың арайлы да шуақты болсын, күннің нұры сәулесін мол төксін деп ертеңгілігімізді «Жаса Қазақстан» әнімен аяқтағымыз келіп отыр

